

## Ұстаздың мақсаты ел мұраты

«Ұстаз болашақтың тәрбиешісі» дейді. Осы ұғымға терең үңілер болсақ, көп жәйітті байқауымыз анық. Ұстаз алдынан тәрбие алып, өмірге қадам бастаған жас қоғам мен елге үлгілі қызмет жасайтын азамат дәрежесіне жетуі тиіс. Демек, орта мектептің болмаса жоғары оқу орны оқытушысы болсын, оларға түсер жүк салмағын осыдан-ақ шамалауға болады.

Осындай биік мақсат пен міндет ұстазға үлкен рухани жүктеме аударатынында күмән болмаса керек. Ал осыны ұстаз қалай іске асыра алады? Мұны іске асыру үшін ұстаздың өзі қандай болуы керек?!

Әрине, сөз жоқ, ұстаздың жоғары білікті маман болуы алда тұрады. Ол өз саласының барлық қыры мен сырын толық та терең меңгерген азамат болуы тиіс. Сонда ол шәкіртке таңдаған мамандығы бойынша терең білім береді.

Бірақ, бұл аздық қылатыны сөзсіз. Шәкірт санасына жоғары тәлім мен өнегені сіңіру үшін ұстаздың өз иелігінде сол игілікті қасиеттер молынан табылуы шарт. Бүгін шалағай, жалаң тәрбиенің уақыты өтіп кеткен. Олай дейтініміз, көп жағдайда баланың басты ұстазы – ата-аналарының ісі мен сөзінің арасында алшақтық болғанда, ұрпақтың келешегі ойдағыдай бола бермейтінін өмірдің өзі жиі көрсетуде.

Олай болса, білікті ұстаз үйретіп, бағдарлайтын игілікті істерге біртабан өзі жақын болуы тиіс, тіпті сол жақсылыққа, сол игілікке, сол болашаққа шамалы да болса ұқсас та болуы қажет.

Демек, ұстазда сол алдағы тамаша болмыстың жақсы түрлері мен қасиеттері өте мол болуы шарт. Осы орайда «сегіз қырлы, бір сырлы» қағида аясы ұстаз үшін тарлық етері де анық.

Ұстазға алдыменен әсіресе мәдениеттілік, кеңпейілділік, жұмсақтық, кешірімділік қажет. Сонымен бірге ұстаз бойынан үлкен адамгершілікпен мол ақпейілділіктің иісі мен ыстық лебі аңқып тұруы әбден қажет. Бұл қасиеттер шәкірт-жастарды оқытушы-ұстазға жақындатып, олардың аға буынға деген сенімін барынша өсіре, арттыра түсетіні сөзсіз. Өйткені, білім алушы жас оқытушы бойынан пендегершілік майда пиғылдарды көріп, не болмаса сезіп қалса, ол сол сәтте ұстаздан бойын аулақтай түседі, оның дәрісіне де салқындық байқатады.

Ұстазға кешірімділік пен жұмсақтық та өте керек мінездер. Әрине, оқытушы маңында түрлі мінезді студенттер жүреді. Біреулері оқта-текте оқшау қимыл мен мінез көрсетіп қалып та жатады. Осыған оқытушы жедел түрде қаталдық көрсетіп, шәкіртті қысымға алып жатады. Бұл шәкірт үшін өте ауыр жағдай. Өйткені, оқытушы мен студенттің мүмкіншіліктері тең емес. Студент оқытушы алдында өзін қауқарсызбын деп есептейді. Оқытушының қудалауы шәкірт психологиясына ауыр соққы болып тиеді.

Сондықтан да оқытушы өз шәкіртімен теке-тіреске бармауы керек. Керісінше, осы жерде ол кешірімділік пен жұмсақтық мінез көрсетіп, студентке оның қатесін жайбарақаттықпен ұғындыруы тиіс. Біздің дәуірге дейін 6-5 ғасырларда өмір сүрген қытай оқымыстысы Лао Цзы былай деген:

«Су әлемде ең жұмсақ және әлсіз нәрсе, бірақ қатты мен тығызды жеңуде оның алдына түсер ешнәрсе жоқ. Әлсіздер мықтыларды жеңеді, жұмсақ қаттыны жеңеді. Шабуылдаған жеңіске жетпейді. Жауды жеңе білетін шабуылдамайды». Қытайдың ойшылы Кун Фу Цзы былай деген: «Адам өмір бойы басшылыққа алатын бір сөз болса, ол - кешірімділік. Өзіңе тілемейтінді өзгеге істемегін. Қатты болғың келсе, оны жұмсақтықтың арқасында сақта. Жұмсақтылықты жинаған қатты болады. Жақсылықтың әлде жамандықтың келуін білу үшін не жиналып жатқанын бақыла. Күшті әлсіздерді жеңеді, ал ол өзіне тең келетіннің қолынан күйрейді. Әлсіз өзінен күштіні жеңеді, оның күші өлшеусіз».

Сонымен, жеңіске жетем деген азаматтың жұмсақ болғаны жөн екен. Студентке кешірімділік пен жұмсақтық көрсеткен оқытушы ұстаздыққа біртабан жақындай түседі.

Атамыз қазақта тектілік деген ұғым биік бағаланған. Бұл ұғым әдетте ата-тегі жоғары, әулеті ірі тұлғалардан бастау алған азаматтарға тиесілі айтылатын. Сонымен қатар текті азаматтың білімді, парасатты, салиқалы болуы міндет сияқты көрінетін. Тектілік қасиет әділеттілік мінезбен қатар жүретін бұрынғы заманда. Демек, текті азамат өзгенің ақысына көз салмайтын, басқаға зорлық-зомбылық жасамайтын.

Бүгінгі күні азаматтарға жақсылық істеуді әдетке айналдырған, әділ, парасатты, көзі қарақты көреген кісіні де текті адам деп жатамады. Бұл жерде біз оның ата-тегін зерттеп, білгендіктен емес, оның осы күнгі, қазіргі адал өмірі мен тірлігін көргеннен солай қабылдаймыз. Әйтпесе оның арғы атасын зерттей келе ауыз толтырып айтатын биік тұлғалар табылмай қалуы да мүмкін. Осы жерде Дулат Бабатайұлының айтқаны алға шығады: «Балам маған кейіме, әкем айтпай кетті деп; Сырын білмей бой салма, атасы оның текті деп; Тұрлаусыздан сөз ұқпа, аузы оның епті деп; Нашардан шыққан жақсының сөзін жерге тастама, атасы нашар өтті деп».

Демек, бүгін тектілікті ұжымның, өңірдің, елдің, қауымның мұң-мүддесіне адал қарайтын, жаңашырлық көрсете білетін, елдің қарекетін өз тірлігінен жоғары қоя білетін азаматтармен байланыстыру қажеттілігі туындайды. Шәкірттеріне барлық күш-жігерін арнап, олардың қоғам мен ел үшін қажетті маманға айналуына аянбай еңбек еткен ұстаздың тектілік болмысы жоғары болар.

Осыны кезінде әріптес болған ағаларымның өмір жолдарын ойға түсіріп отыра байқағаным бар. Олар - осы оқу орнының байырғы ұстаздары Әди Ибрагимов пен Қареке Ділімбетов. Бұл азаматтардың саналы ғұмыры осы оқу орнымен тікелей байланысты, ағаларымыз барлық күш-жігерін елімізге сапалы жоғары білімді маман дайындауға арнаған. Ағаларымыз әрқайсысы 50 жылға жуық мерзім ұстаздық жасап, өмір заңдылығына сай осыдан 10-15 жыл бұрын дүниеден озған. Сондықтан, сол азаматтар қалдырған өнеге, тәлім мен тәрбие жолдары кейінгі ұрпаққа рухани мұра болатынына сенімдіміз.

Осы қазынаны, сол мұраны қазіргі және алдағы оқытушылар қауымының қажетіне жарату үшін еңбек етіп, күш салу міндетіміз деп

санаймыз. Елдің рухани байлығы азаматтардың соңында қалған құндылықтарымен көбейіп, арта түсері анық. Сондықтан, біздің басты міндеттеріміздің бірі ұстаздық етіп өткен аға – апаларымыз жайында бүгінгі және келер ұрпаққа жеткізіп отыру деп білеміз.

Әди ағамыз биік, мол пошымды тұғын. Ол кісі қандай ірі болса, көңілі де сондай дархан, кең болушы еді. Бұл ағамыз кез келген азаматты өзі сөзге тартып, хал-жағдайын біліп алмай, көңілі көншімейтін.

Бірде мен Әди ағайымызбен көше қиылысында, жаяу жүргінші өтетін арнайы ала жолақтың нақ орта шенінде кезігіп қалдым. Ағама қол беріп амандастым. Әдекең қолымды ұстап қал-жағдайымды, от басымның жаңалығын сұрай бастады. Жұрт әрі-бері үзілмей өтіп жатыр. Аға екеуміздің әңгімеміз қыза түсті. Жол үстіндегі адам тобы сейіле бастады.

Бірақ Әдекең мені жіберетін емес. Абырой болғанда бұл қиылыста ол кезде бағдаршам жоқ. Сондықтан автокөліктер біз тұрғасын өте алмай қарап тұр. Алайда, олар сәл бәсеңдеу дыбыстап қояды. Шамасы, Әдекеңді тұлғасына, түріне қарап тегін азамат емес екенін бағдарлап, сыпайылық білдіріп тұрған болуы керек.

Мен іштей асығып тұрмын. Әдекең соны сезіп қойды білем, қолын беріп, рұқсат етті. Жақсы деп, екеуміз екі жаққа кете бардық. Кейін өкіндім. Мен сонда Әдекең бара жатқан бақытта сол кісімен көше шетіне өтіп, ардақты ағамен асықпай әңгімелесуім керек еді.

Осы аға мені кафедра меңгерушісі ісінің қыр-сырына баулыды. Ол кезде бұл ағаны мен жақсы танымаймын, сондықтан да ол кісіден көмек беріңіз деп өтінген емес те едім. Алайда, ағамыз бір жиналыстан соң өз кабинетіне алып барды. Сөйтіп, сол жерде жоғары оқу орнында білім берудің негізгі қағидаларын үйретті ғой.

Меніңше осы жерде Әди ағамыз екі мақсатты күйттеді. Біріншісі – оқытушылық қызметке жаңадан келген мені жоғары оқу орнындағы алғы шарттарынан хабардар ету, оқытушылық жұмысымның сәтті қадаммен басталуына көмектесу. Екіншісі – ел үшін сапалы маман дайындау жұмысына мені жылдамырақ қосу, сол жауапты істе артық қателіктерді болдырмау үшін маған болысу, көмектесу.

Ал, егер Әди ағаның орнында өзге кісі тұрса сол жақсылықты маған жасау-жасамауы белгісіз. Мұны меніңше аға бойындағы ірі тектілік сезімі орындатты деп ойлаймын.

Ол азамат кафедраны меңгеретін, сол кезеңде осы бөлім зертханалары оқу орны ішінде ең тәуір жабдықталғандар болып саналатын. Мұның сыры ағамыздың өз қызметіне солайымен берілгендігінде болар. Ағамыз қандай өзге мекемелерге бармасын, қай бір құрылыстық, ауылшаруашылық ұжымдарда болмасын құр қол қайтпайтын. Әкелген бір қондырғысын оқу орнының қаржысын төлеткізіп алдырса, өзгелерін былайынша өз беделін салып, алып келетін. Бұл, әрине, тектіліктің айқын көрінісі екенінде дау болмаса керек.

Әди ағамыздың өз дәуірінде атқарған ғылыми-зерттеу жұмыстарының маңыздылығына тоқтамай кетуге тіптен де мүмкін емес. Ол кісі осы өңірде

алғашқы рет Сырдария өзені суының химиялық құрамын терең зерттеген ғалым. Сол кез өзен суы енді ғана жаппай егісті суаруға пайдалана бастаған уақыт болатын. Ағамыз зерттеулерінде өзен суы құрамында зиянды құрамалар пайда бола бастағанын сол ертеректе көрсеткен еді. Демек, Әди ағамыз Сырдария суының құрамында зиянды химиялық заттардың бар екенін алғашқылардың бірі болып анықтап, өңірімізге төніп тұрған экологиялық қауыпты болжаған алғашқы ғалымдардың қатарында болатын.

Жоғары оқу орнын бітіргесін бір-екі жылдан кейін облыстық күріш тәжірибе стансасына ғылыми қызметкер болып орналастым. Мелиорация бөліміндемін. Бөлім меңгерушісі Қареке Ділімбетов ағамыз, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты. Сол кезде осы ұжым облыстың бірден-бір ғылыми мекемесі еді. Стансада бар болғаны бес-алты ғана ғылым кандидаттары жұмыс атқарады. Бірақ, сол ғалымдарға өзге жұрт аса құрметпен қараушы еді. Өйткені олар сол кезеңде егін шаруашылығы саласы бойынша облыс көлемінде атқарылатын бүкіл ғылыми жұмыстардың ұйытқысы, үйлестірушісі болатын. Ол уақытта ғылым докторлары атымен жоқ. Соған қарамастан ғылыми ізденістердің қарқыны жедел, ауқымы кең, сапасы жоғары тұғын. Мұны сол уақыттағы зерттеулердің әдістемелік бағдарламаларының мықтылығы және оларды орындаушы, ұйымдастырушы ғалымдардың биік кәсіби деңгейі қамтамасыз етті.

Бүгінгі күні ғылым докторы атағын иеленген азаматтар саны жеткілікті. Алайда, ғылым дәуірлеп тұр деп айта алмаймыз. Сондықтан, сол замандағы облыстық күріш тәжірибе стансасында жұмыс атқарған ғылым кандидаты ағаларымыздың ғылыми әлеуеті мен мүмкіншіліктері қазіргі ғылым докторларынан төмен болмаған шығар деп те ойлаймыз.

1970 жылының көктемінде алғаш егістікте далалық тәжірибе салуға қатысып үйрене бастадым. Тәжірибе салуды басқарған бөлім меңгерушісі Қареке Ділімбетов ағамыз. Тақырыбымыз күріштің суару режимін зерттеу болғандықтан тәжірибеде отызға жуық кішкене атызшалар болған. Және әрбір атызшаға жіберілген су көлемі бөлек өлшеніп анықталуы тиіс. Сондағы шуақты жылы мамырда Қарекен ағамыз басқарған топ түнімен су кешіп барлық атызшаларды суарғанымыз әлі есімде.

Ол кезде Қареке Ділімбетұлы жасына, қызметтік дәрежесіне қарағанда барлығымыздан анағұрлым биік. Соған байланысты ол кісінің кешке таман бізге түні бойғы тапсымаларымызды беріп қойып сыртымыздан бақылап, қадағалауына болатын еді. Бірақ, ол аға түнімен бізбен бірге атызшалардың ішін аралап, бізге ақыл-кеңес беруден шаршаған жоқ. Осы жағдай барлығымызға зор әсер етті. Қареке Ділімбетұлының осындай ғылымға солайымен берілгендік мінезі мен өнегесі бізге өмір бойы сабақ болғанын айтуға міндеттіміз.

Кейінірек Қарекен ағамыз «Ауылшаруашылығы негіздері» кафедрасын басқарды. Осы кезең сол кафедраның бір дәуірлеген уақыты болды. Кафедра оқытушылары мен студенттері тәжірибе стансасында далалық ғылыми-зерттеулерді қарқынды орындады, оның нәтижелерін ұзатпай ауылшаруашылығы өндірісіне енгізіп отырды. Бұған дәлел көптеген

шаруашылық мамандары Қареке Ділімбетұлына жолығып, кеңес алуға жиі келетін, осы жағдайларды талай көргенім бар. Сонымен қатар Қарекең ағамыз жаз айларында өзі де шаруашылықтарға барып, агрономдарға, сушыларға, өзге де мамандарға егіс басында кеңес беретін. Бұл білім беру мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұтымды ұштастыру мен үйлестірудің нағыз үлгісі болатын.

Осы ағаларымыздың тағы бір айқын ерекшелігі білім беру ісімен ғылымға сол кісілердің қалдықсыз солайымен берілуі (орысшалағанда «фанатизм»). Бұл дегеніміз шәкірттерден жоғары сапалы маман дайындау ісіне ағалардың барынша берілгендігі, осы маңызды істің орындалуына солайымен сенуі, ұстаздың шәкірттеріне деген биік талапшылдығы, оқытушының өз әріптестеріне де қоятын жоғары талапшылдығы.

Әди ағамыз бен Қареке Ділімбетұлы осындай болатын. Олар алдыменен өздеріне жоғары талапты қарата білетін. Сол кезде кафедрада бірге қызметтес болған әріптестерінің айтуынша және ертеде білім алып қазіргі күні осы оқу орнында және өндірісте жұмыс атқарып жүрген көп шәкірттерінің естеліктеріне сәйкес ағалар дәрістері жоғары дәрежеде, қызықты өтетін.

Шындығында студенттердің жадында, санасында көбінесе сол «фанат» оқытушылар берген дәріс ұзақ уақыт есінде жүретіні айдан анық. Өйткені жоғары талапшыл ұстаздар ғана алдымен өзіне биік талап қою негізінде сапалы дәріс өткізеді. Биік, тіпті кейде қатал талапты байқаған студенттердің сол пәнді барынша жоғары ықыласпен оқудан басқа жолы да қалмайды. Ал осындай талапшыл ұстаздарды кейбір әріптестері түсінбеуі, тіпті сынауы да мүмкін. Алайда, өзіне ерген шәкірттер келешегіне, олардың елге көрсетер болашақтағы үлесіне бәрінен де жоғары жанашырлық білдіретін осы оқытушылар. Айтарымыз, осының барлығының «ашытқысы» тек шәкірт келешегі мен ел болашағына деген адал да ақпейіл ниет болуы тиіс. Біздің ағалар бойында осы қасиеттер молынан табылатын.

Жоғары оқу орнында дәріс бере бастағаным отыз бес жылға жуықтады. Сол ұзақ мерзімде мен қазақ және орыс тобында оқитын студент-жастарға сабақ беріп келе жатырмын. Осы уақытта байқағаным, көргенімді ортаға салғым бар. Қазақ мектебін бітіріп, қазақ топтарында оқитын жастар жоғары әдептілік көрсетеді, олар ұсынған тапсырмаларды ынтымақпен орындайды. Жеке жүріс-тұрыстарында да олар сыпайылық пен жұмсақтықты, көпшілікті әркез байқатып тұрады.

Орыс тілді мектептен кейін орыс топтарында дәріс алушы қазақ студенттердің мінез – құлқы өзгешелеу. Оларда көбінесе сыпайылық, байсалдылық, кішіпейілділік, биязылық мінездер кемшіндеу. Аудиториядан тыс жерлерде – дәлізде, көшеде, қоғамдық көліктердегі олардың мінез-құлқы жұмсақтау айтқанда ерсілеу. Олар көпшілік жерде өзін мәдениетті ұстау, үлкендерге жол беріп, ізет білдіруді біле бермейді. Орыс топтарында қазақ отбасынан шыққан жастар да аз емес. Бірақ солардың өзі де қазақи тәрбиенің маңызды ұстанымдарынан қашықтау.

Бұл құбылысқа таң қаламыз, қиналамыз да ойланамыз. Ал осыған бауырларымыз кінәлі ме? Сол үшін оларды айыптауға бола ма? Айыптауға мүлдем болмайды, себебі келелі тәлім-тәрбиені көрмеген, білмеген адамды кінәлау дұрысқа жатпайды. Бірақ, қазақи асыл қағидаларды үйретуге, ұғындыруға бетбұрыс жасауымыз қажет. Өйткені, туған еліміздің, қазақ қоғамының басты күші, негізгі тіреуіші еліміздің рухани қазынасын әрбір адамның толыққанды игеруінде, оларды өз өмірінде күнделікті тиімді қолдануында ғой. Солай болғанда азаматтар ел мүддесін жоғары ұстайды, биікке көтереді, сөйткенде ел көркейеді, өседі, өрлейді.

Осыған орай айтарымыз жоғары оқу орны оқытушысы қазақи тәрбие өнегесін кемшін алған жастарға жоғары оқу орнында шаршамай-шалдықпай көмектесуі қажет. Осы турасында елдің болашақ қамын ойлаудың бір белгісі ұстаз қай пәннен дәріс берсе де, ол өз ісімен, жүріс – тұрысымен, сөйлеген сөзімен жастарға қазақи тәрбиенің үлгілерін айтып, көрсетіп отыруы. Әди ағамыз бен Қареке Ділімбетұлы қай кезде, қай жерде болмасын: жатақханада, көшеде, оқу ғимараттар дәліздерінде көздеріне түскен студенттер мен жас оқытушыларға қазақи ұлттық тәлім-тәрбие беруден шаршамайтын.

Бүгінде Әди ағамыз бен Ұлболған апамыздан, Қареке Ділімбетұлы мен Рашида апамыздан өрбіген інілеріміз бен қарындастарымыз үлкен өмір жолында өздеріне лайықты орын тапқан белгілі азаматтар. Біразы әке жолын қуған ұстаздар мен ғалымдар. Осы іні – қарындастарымызға ардақты ағалардың рухани мұраларын саналарына молынан сіңіріп, қасиетті қазақи тәлім – тәрбиенің арқасында қазақ елі үшін еселі еңбектеріңді аянбай жалағастыра беріңдер демекшіміз.

Сонымен қатар, біздің үлкен ұжымда осы ағалар көрсеткен рухани мұралық жолды түсініп ұғынған, сол бағытты қолдаған, аға буынның келелі істері мен өнегелі жолын үлгі тұтар ізбасарлары жетерлік. Сондықтанда, олар үлкен тұлғалы ағалар аруақтарына тағзым етіп, ардақты ұстаздар көрсеткен тектілікті, білім беру ісіне солайымен берілгендікті, талапшылдықты, мәдениеттілікті, кешірімділікті, өзгеге арналған жанашырлықты өз бойларынан әрқашан да тапқысы келеді.

Демек, Әди ағамыз бен Қареке Ділімбетұлы өздері өмір бойы еңбек еткен үлкен ұжымға, әріптестеріне, өңірге, қоғамға және елімізге мол рухани мұра қалдырған. Жастарды тәрбиелеу мен сапалы мамандар дайындау жолында сол қазынаны ұтымды пайдалану біздің міндетіміз.

*Серікбай Қошқаров техника ғылымдарының докторы, профессор*